«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУ-АҒАРТУ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САЛАЛЫҚ КӘСІПТІК ОДАҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

ОБЩЕСТВЕННОЕ ОБЪЕДИНЕНИЕ «КАЗАХСТАНСКИЙ ОТРАСЛЕВОЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ СОЮЗ РАБОТНИКОВ ПРОСВЕЩЕНИЯ, НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ»

АТҚАРУ КОМИТЕТІ **ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ**

ҚАУЛЫ **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

02.10.2026 жыл **№ 11, 7-т.**

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ сайланбалы қызметкерлері мен кәсіподақ органдары аппараты қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары және іссапар шығыстарын, оның ішінде шет мемлекеттерге іссапар шығыстарын өтеу Ережелерін бекіту туралы».

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ Атқару комитетінің 2014 жылғы 14 қарашадағы №1 қаулысының 3-тармағымен бекітілген «Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлері салалық кәсіподағы» ҚБ қызметтік іссапарлар туралы ережесінің күші жойылды деп танылсын (2022 жылғы 22 ақпандағы № 15 қаулының 11-тармағымен, 2023 жылғы 14 желтоқсандағы № 29 қаулының 6-тармағымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен).

2. «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ сайланбалы қызметкерлері мен кәсіподақ органдары аппараты қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары және іссапар шығыстарын, оның ішінде шет мемлекеттерге іссапар шығыстарын өтеу ережелері бекітілсін (қоса беріледі).

3. Мүшелік ұйымдардың басшылық органдары «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ сайланбалы қызметкерлері мен кәсіподақ органдары аппараты қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары және іссапар шығыстарын, оның ішінде шет мемлекеттерге іссапар шығыстарын өтеу ережелерін зерделеуді және орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға **А. Мұқашева**